



**Тақырып: «Қазақ  
ұлттық салт- дәстүрлері  
бойынша тәрбиелеудің  
жолдары»**



**Мақсаты:** Балаларға халқымыздың  
игі дәстүрлерін, ізгі - қасиеттерін,  
инабаттылық, іскерлік дағдыларын,  
салт - дәстүрлерді бойларына сіңіру,  
рухани - адамгершілік қағидаларды  
ұстануға үйрету.




## Міндеттері:

**1. Қазақ халқының әдет - ғұрпы мен салт - дәстүрлері туралы мағлұмат беру.**

**2. Балалардың білім, білік, дағдыларын дамыту, рухани кемелденуге үйрету;**

**3. Балаларды сүйіспеншілік пен шынайылыққа, жауапкершілік пен ізгілікке тәрбиелеу.**





Бауырласқан тәніміз,  
Бұзылмаған антымыз.  
Кен даланың ежелгі,  
Қазак дейтін халқымыз.  
Өзге ұлттай біздің де,  
Бар дәстүр мен  
салтымыз.

Тілашар

Ат қою

Тоқым  
қағу

Бесік той

Салт-  
дәстүрлер

Қыркынан  
шығару

Тұсау  
кесу

Шілдеhana

Сүндет  
той

# АТ ҚОЮ



Жаңа туған сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен адам болсын деген үмітпен ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға ат қоюға қолқа салады.

# Шілдехана



Шілдехана шілделік, шілде күзет – өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той.

# Бесік той



Әлди, әлди бөпешім,  
Әнімді айтып берейін.


Аялап, сені жүрейін,  
Өскенінді, көрейін.

Былдырлаған тіліңнен,  
Айналайын бөпешім.

Таптым, бақыт өзіңнен,  
Ұйықтай ғой, енді  
көкешім.



# Қырқынан шығару



Баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады. Бұл дәстүрді баланы қырқынан шығару деп аталады.

# Тұсау кесу

Қаз-қаз, балам, қаз балам,  
Қадам бассан, мәз болам.  
Қаз-қаз, балам, қаз балам.  
Тақымыңды жаз балам.  
Күрмеуінді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін,  
Қадамыңа қарайық,  
Басқаныңды санайық,  
Қаз-қаз, балам, жүре ғой...  
Балтырыңды түре ғой.  
Тай-құлын боп шаба ғой,  
Озып бәйге ала ғой.



# Сүндет той




Қалыптасқан дәстүр бойынша ата-бабаларымыз ер балаларын бес-жеті не тоғыз жасында сүндетке отырғызады. Сәрсенбінің сәтті күні ауыл молдасы баланы сүндетке отырғызады

# Тілашар



Бала жеті жасқа толған соң, «Тілашар» тойын жасаған. Қарттар оқуға алғаш барған жас балаға: «Хатты тез танып, он сегіз мың ғаламның тілін білсін. Еліне елеулі адам болсын!» -деп бата берген.

# Тоқым қағу



Қазақтар бала он үшке толғанда, яғни алғашқы мүшел жасынан өткеннен кейін, оны нағыз ат жалын тартып мінер азамат санап, тоқымқағар аталатын ғұрыпты өткізген.